

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ №2 ОТЫРЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

17 желтоқсан 2024 жыл

Қатысқандар: 10 педагог

КҮН ТӘРТІБІНДЕ:

1. Әлеуметтік желілерді пайдалану мәдениеті және жеке ақпараттарды жариялау кезіндегі жауапкершілік.
2. Педагогикалық такт және ата-аналармен қарым-қатынас мәдениеті.
3. Педагогтің сөйлеу мәдениеті және кәсіби имиджі.

ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші мәселе бойынша кеңес мүшесі Г.Утегенова сөз сөйледі.

Баяндамашы қазіргі таңда әлеуметтік желілер педагогтердің өмірінің ажырамас бөлігіне айналғанын атап өтті. Сондықтан педагогтер өздерінің әлеуметтік желідегі парақшаларында жариялайтын ақпараттарына жауапкершілікпен қарауы қажеттігін айтты. Педагогтің жеке өмірі мен кәсіби беделі өзара тығыз байланысты болғандықтан, жарияланатын фото және бейнематериалдардың жалпыадамзаттық және педагогикалық әдеп нормаларына сәйкес болуы маңызды екендігі түсіндірілді.

Сондай-ақ балалардың, ата-аналардың және әріптестердің жеке деректерін жариялауға жол бермеу, рұқсатсыз фото және бейне материалдарды таратпау қажеттігі туралы айтылды.

Екінші мәселе бойынша А.Бажиева сөз сөйледі.

Баяндамашы педагогикалық такт ұғымына тоқталып, әрбір тәрбиеші ата-аналармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынас кезінде сабырлы, ұстамды және сыпайы болуы қажеттігін айтты. Кейбір мәселелерді талқылауда эмоцияға берілмей, кәсіби көзқарас таныту маңызды екендігі түсіндірілді.

Ата-аналармен кездесулер кезінде педагогтің сөйлеу мәнері, пікір алмасу мәдениеті және мәселені шешудегі ұстанымы балабақша беделіне тікелей әсер ететіні атап өтілді.

Үшінші мәселе бойынша кеңес төрайымы Р.Чуйтанова сөз сөйледі.

Төрайым педагогтің сөйлеу мәдениеті кәсіби құзыреттіліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі екенін айтты. Балаларға түсінікті әрі сауатты сөйлеу, әдеби тіл нормаларын сақтау, дауыс ырғағын дұрыс қолдану тәрбие жұмысының сапасына оң әсер ететіндігі айтылды.

Сонымен қатар әріптестермен және ата-аналармен қарым-қатынаста дөрекі сөздерді қолданбау, мәдениетті сөйлеу және ресми этикетті сақтау қажеттігі түсіндірілді.

#### ШЕШІМІ:

1. Әлеуметтік желілерді пайдалану барысында педагогикалық әдеп талаптары сақталсын.
2. Ата-аналармен қарым-қатынас мәдениетін жетілдіру бағытында тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілсін.
3. Педагогтердің сөйлеу мәдениетін арттыру бойынша іс-шаралар ұйымдастырылсын.

Кеңес төрайымы:  Р.ЧУЙТАНОВА

Хатшы:  Ж.БАЛГАБАЕВА